



ҚР Ақпарат және қоғамдық даму  
министрлігі



«Педагогикалық Ғылымдар  
Академиясы» ҚБ



CISC  
Civil Initiatives Support Center

"Азаматтық бастамаларды қолдау  
орталығы" КЕАҚ

**БЕКІТІЛДІ**  
Басқарма Төрағасы  
«Педагогикалық Ғылымдар Академиясы»  
А.Құсайынов  
« 3 » 02 2022 ж.

## «Мен қазақ тілін білемін» атты квест-ойын байқауының ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Тұжырымдама шығармашылық ұжымдар мен этнобірлестіктер өкілдерінің, еліміздің барлық аймақтарында тұратын 16-29 жас аралығындағы жастардың басқа да санаттары арасында «Мен қазақ тілін білемін» атты квест-ойынын (бұдан әрі – квест -ойын) өткізудің тәртібін реттейді.

**Жоба міндеттері:** 16-29 жас аралығындағы жастар арасында мемлекеттік тілді дәріптеу, қазақ тіліне деген қызығушылықты арттыру.

Тіл- ұлттың аса ұлы игілігі, әрі оның бөлінбес белгісі. Қандай да бір халықтың болмысы, өркениеттілігі, саналылығы, кең мағынасында сауаттылығы оның тіл мәдениетімен, сол тілдің қолданыс ауқымдылығының кеңдігімен өлшенеді. Осыған орай, қазақ тілі арқылы, қазақ тіліндегі бай мұраларымыз арқылы жастардың бойында тарихына, мәдениетіне деген құрмет пен сүйіспеншілік сезімін орнықтыру – **квест-ойынның басты мақсаты.**

### Квест-ойынның міндеттері:

- жастарды рухани байыту және мемлекеттік тілдің қолданыс ареалын кеңейту;
- 16-29 жас аралығындағы жастарды қазақ тілін білуге, дамытуға ынталандыру;
- жастар арасында мемлекеттік тілдің көркемдігін насихаттау;
- әсіресе өнерге бейім жастардың қазақ тілінде ашық, таза сөйлеу әлеуетін қолдау және дамыту;
- квест ойын арқылы жастардың шығармашылық ізденісін арттыруға жәрдемдесу.

- ұлт болып сақталу тіліміздің сақталуымен тікелей байланысты екенін ұмыттырмай, қазақ тілінің көркемдігін ауыз әдебиетін қамтыған квест тапсырмалар арқылы жеткізу.

*Байқау шарттары:*

- Құрамы 5 адамнан тұратын топ болу;
- Қазақстан Республикасының 17 облысы мен Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары тегіс қатыса алады.
- Байқау, яғни квест ойын оффлайн өтеді.

Байқау нәтижесінде үздік танылған жеңімпаздар ақшалай сертификатпен марапатталады:

1 орын - 300 мың теңге

2 орын - 200 мың теңге

3 орын - 100 мың теңге

Байқау бағдарламасына енгізу үшін, 2022 жылдың 25 тамызына дейін топ жетекшісі мен мүшелерінің аты-жөні, жасы, электронды почтасы көрсетілген мәліметті ұйымдастыру алқасына (Microsoft Office Word (2003, 2007) арқылы терілген файлмен жіберу қажет. Файлдың атауына қатысушы топтың жетекшісінің автордың аты-жөні жазылуы қажет (Мысалы: Sadykova Ainur\_baiqau).

**Байқауды ұйымдастырушылар** - «Педагогикалық Ғылымдар Академиясы» ҚБ, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің тапсырысы бойынша және «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» КЕАҚ қолдауымен жүзеге асырылатын «Жастар арасында мемлекеттік тілді кеңінен танымал ету жөнінде іс-шаралар өткізу» әлеуметтік жобасын үйлестірушілер және «Ғылым Ордасы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының музейлер жүйесі.

Байқау 2022 жылдың 27 тамызы Алматы қаласында «Ғылым Ордасы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорнының музейлерінде өтіп, қорытынды шығарылады.